

## БӨЛІМ: БИОЛОГИЯ

## Топырақты өңдеу, егінді егу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.12.2018СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/48715/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Оқыту:** оқушылардың, яғни болашақ маманның жан-жақты дамуын, оның ой, іс-әрекетінде жүйелілік сипаттамаларының болуын қамтамасыз ету, тарауды қорытындылап, бекіту.

**Дамыту:** Ой-өрісін, кәсіби білімін, жұмысқа ынтасын, қабілетін.

**Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа, сабырлылыққа, еңбексүйгіштікке баулу.

**Сабақтың түрі:** Бекіту сабағы

**Сабақтың әдісі:** Ойын, сайыс, сұрақ-жауап.

**Пәнаралық байланыс:** Тракторлар мен автомобильдер (I курс), агрономия негіздері (I курс), қазақ тілі мен әдебиеті (I курс).

**Сабақтың көрнекілігі:** Ауыл шаруашылығы машиналарының макеттері, сызба плакаттар, буклеттер, интерактивті тақта.

**Сабақтың барысы**

I. Ұйымдастыру бөлімі. Оқушыларды түгелдеу, оқу-құралдарын тексеру. Сабақтың түрі мен мақсатын хабарлау.

5.Үй тапсырмасы. Машиналар айтысы:(машиналардың артықшылығы мен кемшілігі).

6.Қорытынды.

**Викториналық сұрақтар: «Бәйге».**

Атқарылатын жұмысына қарай соқалар қалай жіктелінеді?

Жауабы:Жалпы және арнаулы жұмыс соқалары.

Корпус санына қарай соқалар қалай аталынады?

Жауабы: Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, сегіз және тоғыз корпусты болып аталынады.

Тракторға тіркелуіне қарай соқалар қалай бөлінеді?

Жауабы: Тіркемелі, жартылай аспалы және аспалы.

Жалпы жұмысқа арналған соқалар топырақты қанша сантиметр тереңдікке дейін жыртады?

Жауабы: 27 см.

Соқа териясының негізін салушы кім?

Жауабы: Орыс ғалымы, академик В. П. Горячкин.

Сыдыра жыртқыштар топырақ түйіршігінің диаметрін қанша миллиметрге дейін ұсақтайды?

Жауабы: 50 миллиметр.

Сыдыра жыртқыштар қалай жіктеледі?

Жауабы: Дискілі және түренді.

Сыдыра жыртқыштар маркаларын ата?

Жауабы: ЛДГ-5, ЛДГ-10, ППЛ-10-25.

Сыдыра жыртқыштар арам шөптер мен өсімдік қалдықтарын қанша пайызға дейін кесе алады?

Жауабы: 100 пайызға дейін.

Тырмалар жұмыс органдарының құрылысына қарай қалай аталынады?

Жауабы: Тісті, серіппелі және дискілі.

Тырмаларды салмағына қарай неше топқа бөлуге болады?

Жауабы: Ауар, орта және жеңіл салмақты болып бөлінеді.

Тырма жердің бетін қанша сантиметр тереңдікке дейін қопсытады?

Жауабы: 3-4 см.

Нығыздауыштардың қандай түрлері бар?

Жауабы: Тегіс тісті, шығыршық тәрізді, тұтас және іші қуыс нығыздауыштар.

Қуыс нығыздауыштардың ішіне не толтырылады?

Жауабы: Су немесе құм.

Нығыздауышқа ұқсас геометриялық фигура?

Жауабы: Цилиндр.

Өңдеуіштер топырақ түйіршіктерінің диаметрін қанша миллиметрге дейін ұсақтайды?

Жауабы: 3 миллиметр.

Тегістеуіштің маркасы қандай?

Жауабы: ПА-3, МВ-6,0 тегістеуіштері.

Соқаны жырту тереңдігіне қарай қалай реттейді?

Жауабы: Тірек дөңгелегімен.

Түреннің пішіні қандай геометриялық фигураға ұқсайды?

Жауабы: Трапеция.

Тіркеуіштер қандай тракторларға агрегатталады?

Жауабы: ДТ-75М, Т-4А.

Өңдеуіштерді белгіленген тереңдікке қарай қалай реттейді?

Жауабы: Тереңдікті реттейтін механизм винтімен.

Тырманың өңдеу тереңдігін қалай реттейді?

Жауабы: Батареяның шабуыл бұрышын өзгерту арқылы реттейді.

Сыдыра жыртқыштың жырту тереңдігі қызметін атқарушы органы не?

Жауабы: Тіреуіш, доңғалақ

## **II. Жарыстың екінші турында машиналар құрылысымен танысамыз.**

Соқаның негізгі жұмыс органдары: 1-дискілі пышақ, 2- шым аударғыш, 3- түрен, қайырма, жақтау (атыз тақтасы), 5- корпус.

Сыдыра жыртқыштың құрылысы: 1-рама, 2- екі оң жақ секциялары, 3-екі сол жақ секциялары, 4-брустар, 5-доңғалақтар, 6-гидробасқару механизмі, 7- тегістегіштер, 8- реттелетін төмендеткіштер.

Тырманың құрылысы: 1-рамаға байласқан металл брус түріндегі сүйретпе, 2-тісті брус, 3- көлбеулікті реттеу пышағы.

Нығыздауыштың құрылысы: 1-бір алдыңғы, екі артқы буыннан, 2-рамадан, 3- он үш дискіден, 4-осьтен, 5- тіркемеден, 6-жүгі бар жәшіктен.

Өңдеуіштің құрылысы:1-рамадан,2-тіркеу тетегі,3- доңғалақ,4- жұмыс органдарының тереңдігін реттейтін механизм.

Тегістеуіштің құрылысы:1-тартқыш арқалық, 2-ортаңғы секция, 4-тіреуіш доңғалақ, 5- гидроцилиндр, 6-гидрожүйе.

### **III.Жарыстың үшінші турында «Топырағын таппаған дән өнбейді» демекші егіншілік турасындағы мақал-мәтелдерге кезек береміз.**

**V1.Қорытынды.** Мұндай дәстүрлі емес сабақтардың артықшылығы, қазіргі бәсекелестік заманда оқушылардың бір-бірімен бәсекеге түсіп, бір-бірінен озуға тырысып, білімдерін одан әрі шыңдай алады.Болашақ мамандарды даярлау барысында, дәстүрлі емес сабақтарды пайдаланудың маңызы зор. Себебі мұғалім сабаққа дайындалу сәтінде оның сабаққа деген қызығушылығы мен ізденісі арытып отырады.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.